*Бекітілді*
*Педагогикалық кеңеспен*
*«__» ______ 20__ ж*
*№___ хаттама*
*ЖШС «Мамыр» балабақшасының*
*меңгерушісі: ______ Баймбетова М.С*
*«__» ______ 20__ ж*

# Вариатив

# «Ойна да ойлан»

*(балалардың қызығушылығына*
*арналған оқу қызметі)*

**Орындаған: Ауелбекова А**
**Уалихан Г**

**2021-2022ж**

**«Ойна да ойлан» оқу қызметінің перспективтік жоспары**

| № | Ұйымдастырылған оқу қызметі тақырыптары | Мақсаты | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | «Қайсысы қай баспанада тұрады?» | Аңдардың қай үйде тұратынын ажырату.Көру қабілетін,зейінін дамыту. | 1 |
| 2 | «Жұмбақ есеп» | Балалардың ойлау қабілетін,зейінін дамыту. | 1 |
| 3 | «Түстердің сиқырлы әлемі» | Балалардың түс туралы білімдерін кеңейту.Түстерді ажырата білуге үйрету. | 1 |
| 4 | «Көп-аз» | Балалардың көп-аз ұғымдарын ажырата білуге үйрету.Ойлау қабілеттерін дамыту. | 1 |
| 5 | «Бұл қай сан?» 0-ден 5-ке дейінгі сандар | Балаларға сандардың орнын таба білуге,таңбасын тани білуді үйрету. | 1 |
| 6 | «Жұмбақтар жарысы» | Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту,жұмбақтарды тез шешуді үйрету. | 1 |
| 7 | «Апта күндері» | Апта күндерін айта білуге,оларды ретімен айтуға үйрету. | 1 |
| 8 | «Салыстыру» | Көп,аз,тең ұғымдарын бекіту,белгілерін қойып үйрету. | 1 |
| 9 | «Бұл қай сан?Ойлан тап» | Сандардың орнын таба білуге,таңбасын тани білуге үйрету. | 1 |
| 10 | «Қайсысы қай баспанада тұрады?» | Балаларға үлкен-кіші ұғымдарын түсіндіріп,бекіту.Жануарларды көлеміне қарап,баспаналарына орналастыру.Ойлау қабілеттерін дамыту. | 1 |
| 11 | «Сиқырлы мозайка» | Балаларды үлгі бойынша заттарды сызықпен қосу арқылы ой-өрісін арттыру,иапқырлыққа баулу. | 1 |
| 12 | «Ойнай отырып ойла» | Балалардың ақыл-ойын дамуын жоғарылатып,тапқырлықпен ақылдылыққа үйрету. | 1 |
| 13 | «Жасырын жануарларды тауып боя» | Жасырынып тұрған жануарларды тауып керек түске бояй білуге үйрету. | 1 |
| 14 | «Айша қай үйде тұрады?» | Үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.Айшаның тұратын үйін таба білуге көмектесу,ойлау қабілетін дамыту. | 1 |
| 15 | «Бұл қай сан?» | Балаларға тура-кері санауды бекіту.Ақыл-ойларын,зейіндерін дамытып тапқырлыққа баулу. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 16 | «Сандар әлеміне саяхат» | Балаларды санай білуге үйрету.Сандарды ажырата білу қабілеттерін арттыру. | 1 |
| 17 | «Ойнайық та,ойлайық» | Геометриялық туралы білімдерін кеңейту.Оң-сол ұғымдарын бекіту | 1 |
| 18 | «Реттік және сандық есеп» | Ойлау қабілеттерін дамыту | 1 |
| 19 | «Бірдей екі суретті тап» | Берілген суреттерден бірдей екі суретті таба білуге,тез ойлауға,тапқырлыққа баулу. | 1 |
| 20 | «Ребус шешу» | Балаларды ребус шешуге үйрету,тапқырлыққа баулу. | 1 |
| 21 | «Кілемді пішіндермен толықтыр» | Шеңбер,үшбұрыш,төртбұрыш,шаршы геометриялық фигуралардың түстерін тану және аттарын атау дағдысын бекіту,фигураларды пішіні бойынша топтастыруға жаттықтыру. | 1 |
| 22 | «Кірпі қайда барады?» | Оң-сол ұғымдарын бекіту.Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету,ойлау қабілеттерін дамыту. | 1 |
| 23 | «Балапандарды иесіне жеткізу» | Балапандарға иелерін табуға кқмектесіп,ойлау қабілеттерін арттыру.Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | 1 |
| 24 | «Бес айырмашылығын тап» | Суреттегі айырмашылықтарды тауып,байқағыштыққа,тапқырлыққа баулу. | 1 |
| 25 | «Сиқырлы пішіндер» | Геометриялық фигуралар атауын,сөздерді дұрыс қолдану дағдыларын қайталату.Балаларға пішіндерді ажыратуға жаттықтыру. | 1 |
| 26 | «Санай білген адаспас» | Балаларды санай білуге,сандарды ретімен айтуға үйрету.Цифрларды тану,зейіндерін дамыту. | 1 |
| 27 | «Кеңістік пен уақытты бағдарлау» | Балаларды кеңістік пен уақытты бағдарлай білуге үйрету.Оң және сол қолын ажыратып,заттардың орналасқан бағытын анықтау қабілетін дамыту. | 1 |
| 28 | «Иесін тап» | Әр мамандықтың заттарын атай білуге,ой-өрісін кеңейтуге,мамандық иелеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. | 1 |
| 29 | «Санамақ» | Балаларға санамақ жаттатқызып,олардың сөздік қорын,тіл байлығын арттыру. | 1 |
| 30 | «Сөзжұмбақ» | Берілген сөзжұмбақты шешу орнына | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | орналастыра білу керек.Ойлау қабілеттерін дамыту. | |
| 31 | «Суретте не шатастырылған?» | Суреттегі қателіктерді табу,логикалық ойлауларын дамыту.Ойлана білуге үйрету. | 1 |
| 32 | «Не қайда өседі?» | Көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін ажырата білуге үйрету. | 1 |
| 33 | «Бұлар ненің төлдері?» | Балаларды төрт түлік малмен таныстыру.Олардың төлдерін ажырата білуге үйрету. | 1 |
| 34 | «Қайсысы қай үйшікте тұрады?» | Үй жануарларының қайда тұратынын ажырата білуге үйрету.Байқампаздыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 35 | «Заңдылықты бұзбай боя» | Балаларды түстерді дұрыс таңдап,дұрыс бояуға,қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. | 1 |
| 36 | «Арманның оң,сол,алды,артында орналасқан ойыншықты ата» | Балалардың кеңістік туралы ұғымын кеңейту,логикалық ойлауын дамыту. | 1 |
| 37 | Жаңылтпаш айтқызу | Балалардың тілін жаттықтыру,тез айта білуге үйрету. | |
| **Барлығы** | | | **36** |

**Технологиялық карта**
**«Балдырған» ересек тобы.**

**Күні:** 03.09.21ж.
**Білім беру саласы:** Таным
**Тақырыбы:** «Қайсысы қай баспанада тұрады?»
**Мақсаты:** Аңдардың қай үйде тұратынын ажырату. Көру қаблетін дамыту, зейінді дамыту.
**Сөздік жұмыс**:Баспана-жилище.

| Іс- әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыруш ылық - оятушылық** | Шаттық шеңбері:<br>Кел, ойнайық, ойнайық,<br>Текке қарап тұрмайық.<br>Ойын ойға жетелер<br>Ойынға бір тоймайық. | Балалар шаттык шеңберін құрып ,өлең жолдарын қайталап айтады. |
| **Ұйымдастыруш ылық -ізденушілік** | -Балаларға аңдардың суретін көрсетіп, олардың мекендейтін жерлерін естеріне түсіреді.<br>Сергіту сәті:<br>Ормандағы аюдың,<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп-теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық<br>Дидактикалық ойын : Қайсысы қай баспанада тұрады?<br>Мақсаты: Аңдардың баспаналарын ажырата білу,үлкен кішіні ажырата алу.<br>Аю,қасқыр,қоянның суреті ілінеді. Әр көлемдегі баспаналардың суреті ұсынылады.<br>-Ең үлкен баспанада не кім тұрады?<br>-Ал,ең кішкентай баспанада кім тұрады? Әрине,дұрыс<br>-Ал, орташа баспанада кім тұрады? Дұрыс. | Аңдардың мекендейтін жерлерін еске түсірекді.<br><br>Сергіту жаттығуын жасайды.<br><br>-Аю.<br>-Қоян.<br>-Қасқыр. |
| **Рефлекстік-түзету** | Балалар үлкен –кіші ұғымдарын бекітеді. Аңдардың мекен ететін жерлерін еске түсіреді. | Аюдың,қасқырдың,қоянның мекен ететін жерлерін еске түсіреді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Үлке-кішіні ажыратады;

**Үйрену керек:** Аңдарға қамқорлық танытуды;

**Технологиялық карта**
**«Балдырған» ересек тобы**

**Күні:** 10.09.2021ж

**Білім беру саласы:** Таным

**Тақырыбы::** Жұмбақ есеп

**Мақсаты:** Балалардың ойлау каблетін, зейінді дамыту.

**Сөздік жұмыс**:Загадка-жұмбақ

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырушылық - оятушылық** | Шаттық шеңбері:<br>Кел, ойнайық, ойнайық,<br>Текке қарап тұрмайық.<br>Ойын ойға жетелер<br>Ойынға бір тоймайық. | Балал шаттық шеңберін құрып ,өлең жолдарын қайталап айтады. |
| **Ұйымдастырушылық -ізденушілік** | Балармен жұмбақ есептер жасырып шешу.<br><br>Туысқан бес кісі,<br>Бірінен бірі кіші.<br>Бәрәнәң аты бір.<br>Ең кішісі шеткісі?<br><br>Далада тұр екі ешкі,<br>Қорада тұр екі ешкі<br>Болады бары неше ешкі?<br><br>Алдында үш балапан,<br>Артында үш балапан.<br>Ақ тауықпен балапан<br>Айтшы санын балақан?<br><br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз. | Балалар жұмбақтардың жауабын тауып айтады.<br><br>5 саусақ<br><br>4 ешкі<br><br>1 тауық 5 балапан<br><br>5 саусақ |
| **Рефлекстік-түзету** | Балалармен жұмбақ есептерді шешуін табу. Балаларды мақтап, мадақтау. | .Балалар қуанады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Жұмбақ есептерді шешуді

**Болу керек:** Жұмбақтарды шешуге деген ынтасы

**Үйрену керек:** Логикалық ойларын дамытуды.

**Технологиялық карта**
**«Балдырған» ересек тобы.**

**Күні:** 17.09.214
**Білім беру саласы:** Таным
**Тақырыбы:** «Түстердің сиқырлы әлемі»
**Мақсаты:** Балалардың түс туралы білімдерін кеңейту.Түстерді ажырата білуге үйрету.
**Сөздік жұмыс:**Түс-цвет.

| Іс- әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыруш ылық -оятушылық** | Айнаға қараймын<br>Шашымды тараймын.<br>Бақытты боламын,<br>Сымбатты боламын.<br>Әрқаша тазамын,<br>Бәрінен озамын.<br>Тәрбиеші балаларға кемпірқосақтың суретін көрсетеді.Оның түстеріне мән беруге өтінеді. | Балал шаттық шеңберін құрып ,өлең жолдарын қайталап айтады. |
| **Ұйымдастыруш ылық -ізденушілік** | Педагог балаларға Б.Серікбаевтың «Кемпірқосақ» деген өлеңін оқиды.<br>Жеті түсті қарындаш.<br>Тату-тәтті қарындас<br>Күні бойы болдырып<br>Ұзақ-ұзақ жол жүріп<br>Қол ұстасып алыпты.<br>Сергіту сәті:<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай бөбектер<br>Үлкен болып өседі<br>Дидактикалық ойын: «Қандай түстер колданылған»<br>Мақсаты: Бір түстің 2 реңкін ажырата білуге, түс реңктерін бейнелеп айтудағы сөзді сөйлем ортасына қолдана білуге жаттықтыру: күрең қызыл, ашық сары, ашық сарғыш.<br>Балаларға жылы және суық түстер болады. Солар жайлы айтып түсіндіреді.. | Балалар өлеңді мұқият тыңдайды.<br><br>Сергіту жаттығуларын жасайды.<br><br>Дидактикалық ойын ойнайды. |
| **Рефлекстік-түзету** | Балалар бояу түстерін атап айтады. Өленде не жайлы айтылған жайлы сөз қылады. Балаларды мақтап-мадақтау. | .Балала қуанады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білу керек:** Түстерді
**Болу керек:** негізгі түстер, суреттер
**Үйрену керек:** Реттерімен түстерді ажырата

**Технологиялық карта**
**Ересек тобы. «Таным» білім беру саласы бойынша «Ойна да ойлан» вариативтік компонентінің технологиялық картасы.**

**Күні.** 24.09.2024.
**Білім беру саласы:** Таным
**Тақырыбы** Көп-аз
**Мақсаты:** Балалардың көп-аз ұғымдарын ажырата білу. Ойлау қаблеттерін дамыту.
**Сөздік жұмыс**: Көп-много, аз-мало.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырушы-лық оятушылық** | Шаттык шеңбері:<br>Оң колымда бес саусак<br>Сол колымда бес саусак<br>Екі колды косканда,<br>Болып шыкты он саусақ. | Балал шаттык шеңберін құрып ,өлең жолдарын кайталап айтады. |
| **Ұйымдастырушылык -ізденушілік** | Баларға екі себеттің суретін көрсету. Бір себетте 1 алма,ал екінші себетте 5алма.<br>-Балалар, себеттегі алмаларды санаңдаршы. Сонан соң салыстырыңдар. Қай себетте қанша алма.<br>-Бірінші себетте неше алма?<br>-Екінші себетте неше алма?<br>Балалар кай себетте алма көп,ал қай себетте алма аз.<br>Сергіту сәті:<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Алақанды ұрамыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Тез шынығып шығамыз.<br>Дидактикалык ойын: «Біреу және көп»<br>Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншык көп; такта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл.<br>Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады. Үшбұрыш: «Бұл кім?» деп сұрайды. Шаршы көрінеді. Балалар оны атайды, егер балалар атын атауға киналса, тәрбиеші өзі атайды. Бәрі бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларының бірдей екендігін атап өтеді | Балалар алманы санайды.<br><br>1 алма<br>5 алма<br>Бірінші себетте алма аз,<br>ал екінші себетте алма көп.<br><br>Сергіту жаттығулары<br><br>Дидактикалық ойын ойнайды. |
| **Рефлекстік-түзету** | Сабакты карытындылау. Балаларға сабакка байланысты сұрактар койып аяктау. Балаларды мадақтау,мақтау. | .Балалар куанады.<br>Сұрақтаға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білу керек:** Аз, көп ұғымдарын
**Болу керек:**
**Үйрену керек:** көп , азды ажырата

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**
**«Балдырған» тобы**

***Күні*** 01. 10 . 2021 ж.
***Білім беру саласы:*** Таным
***Оқу іс-әрекеті:*** Логика
***Тақырыбы***: Бұл кай сан? 0 ден 5ке дейінгі сандар
***Мақсаты:*** Балаларға сандардың орнын таба білуге, таңбасын тани білуді үйрету.
***Сөздік жұмыс:*** сан- циыра

| *Әрекет. кезеңдері* | *Тәрбиешінің әрекеті* | *Балалардың іс-әрекеті* |
|---|---|---|
| ***Ұйымдастыр ушылық - оятушылық*** | Шаттык шеңбері:<br>Оң колымда бес саусак<br>Сол колымда бес саусак<br>Екі колды косканда,<br>Болып шыкты он саусак. | Балал шаттык шеңберін құрып ,өлең жолдарын кайталап айтады. |
| ***Ұйымдастырушылық -ізденушілік*** | Балалармен 0 ден 5 ке дейінгі сандарды еске түсіру. Тура және кері санауды қайталау. Балалрды бір-бірлеп тактаға шығарып сандарды айқызу. Тура және кері санату.<br>Сергіту сәті:<br>Шынығамыз, жастай біз,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш<br>Бойымызға жинап күш.<br>Шынығамыз, жастай біз,<br>Жаттығуды бастаймыз<br>Дидактикалык ойын: «Сикырлы калта»<br>Максаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету.<br>1-нұсқа – затты колмен ұстап санау.<br>2-нұсқа – қандай зат екенін ұстап көріп, аныктау.<br>Тәрбиеші балалардың ортасына «сикырлы калтаны» әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сикырлы калтаға» салып, кез келген түймелері бар жолакты таңдап алып, колын «сикырлы калтадан» шығармаған бойы түймелерді саусағымен санайды. Қалтадан қолын шығарып, санын айтады. Балалар тексереді және түймелердің санына (1-5) сәйкес цифрларды көрсетеді. | Балалар 0ден 5 ке дейін санайды..<br>.<br>Сергіту жаттығулары<br>Дидактикалык ойын ойнайды. |
| ***Рефлекстік-түзету*** | Сабакты карытындылау. Балаларға сабакка байланысты сұрактар койып аяктау. Балаларды мадактау,мактау. | .Балалар куанады.<br>Сұрактарға жауап береді. |

***Күтілетін нәтиже:***
***Білу керек:*** 0 ден 5 ке дейін
***Болу керек:*** сандарды ажырата
***Үйрену керек:*** тура және кері санау.

**Технологиялық карта**

**Ересек «Балдырған» тобы. «Таным» білім беру саласы бойынша «Ойна да ойлан» вариативтік компонентінің технологиялық картасы.**

**Күні** 08.10.2021ж
**Білім беру саласы:** Таным
**Тақырыбы**: Жұмбақтар жарысы.
**Мақсаты:** Балалардың ойлау қаблеттерін дамыту, жұмбақтарды тез шешуді үйрету.
**Сөздік жұмыс**: жұмбак-загадка

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шаттық шеңбері:<br>Кел, балалал күлейік,<br>Күлкіменен түлейік<br>Қабак түйген не керек.<br>Кел, балалар күлейік,<br>Күлкіменен түлейік<br>Күлкі көңіл ашады<br>Күліп өмір сүрейік. | Балал шаттық шеңберін құрып ,өлең жолдарын кайталап айтады. |
| **Ұйымдастыру шылык -ізденушілік** | Балалр біз бүгінгі сабағымызда жұмбак жасырып жауабын айтамыз.<br>Суда мұз бар,<br>Жерде қар бар<br>Боран боп соғады<br>Бұл кай кезде болады?<br>(Қыс)<br>Күн ұзарып кар еріп,<br>Су сайларға толады,<br>Бұл қай кезде болады?<br>(Көктем)<br>Күн ысып,<br>Жеміс - жидек пісіп,<br>Ел пішенін орады,<br>Бұл кай кезде болады?<br>(Жаз)<br>Жауып жаңбыр,<br>Жер сабыр,<br>Шөп, жапырак солады<br>Бұл кай кезде болады?<br>(Күз) | Алақай, жұмбак жасырамыз..<br>Балалар жұмбақтардың Жауаптарын айтады.<br>Кім көп шешеді жауаубын сол женеді.<br><br>Қыс<br><br>Көктем<br><br>Жаз<br><br>Күз |
| **Рефлекстік-түзету** | Сабакты карытындылау. Балал мен сендерге жұмбакты неменеге байланысты кылып койдым?<br>Дұрыс Айтасындар. Барлыктарын жарадындар. | .Жыл мезгілдеріне байланысты. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білу керек:** Жұмбактарды шешуді.
**Болу керек:** Жыл мезгілдерін
**Үйрену керек:**Жұмбакты тез шешуді.

**Ересек «Балдырған»тобы «Таным» білім беру саласы «Ойна да ойлан» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Күні, айы, жылы** 15. 10. 2021ж.
**Тақырыбы**: Апта күндері .
**Мақсаты:** Апта күндерін айта білуге, оларды ретімен айтуға үйрету.
**Көрнекіліктер**: Суреттер.
**Билингвальды компонент:** Апта- неделя
**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** 1 ден 7ге дейін сандарды көрсетіп қайталау.

| | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | 1. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Балалар бірігіп қосылып айтадады:<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымда он саусақ<br>Екі қолды қосқанда<br>Болады екен он саусақ.<br>2. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу.<br>-Балалар, қазір қай жыл мезгілі? | Балалар қимыл-қозғалыспен Өлең шұмақтарын айтады.<br><br><br><br><br><br>Сұрақтарға жауап береді. |
| **Ұйымдасты ру ізденістік** | -Жыл мезгілінде неше ай бар?<br>Айларды қайталатып айтқызу.<br>-Бір айда неше күн бар?<br>-Бір ай неше аптаға бөлінеді?<br>Бір айда төрт апта бар.<br>-Бір аптада неше күн бар?<br>Бір аптада жеті күн бар.Балалармен бірге апта күндерін қайталап айту.<br>-Дүйсенбі,сейсенбі,сәрсенбі,бейсенбі,жұма,сенбі,жексенбі.<br>Апта күндері тұралы айту.<br>Дүйсенбіде доп ойнадық далада.<br>Сейсенбіде серуен құрдық қалада.<br>Сәрсенбіде серуен құрдық сәндетіп,<br>Бейсенбіде би биледік әндетіп.<br>Жұма күні жидек тердік қыратта,<br>Сенбі күні кино көрдік клубта.<br>Жексенбіде бір жиналып демалдық<br>Осылайша өте шықты бір апта.<br>-Балалар бүгін аптаның нешінші күні?<br>-Бүгін аптаның төртінші күні бейсенбі.<br>Балаларды 1-ден 7-ге дейін санату. | -Үш ай бар.<br>Айларды қайталайды.<br>-Отыз күн.<br>-Төрт аптаға.<br><br>-Жеті күн.<br><br><br>Апта күндерін қайталайды.<br><br><br>Балалар сұрақтарға жауап береді.<br><br><br><br><br><br><br><br>1ден7ге дейін санайды. |
| **Рефлексиялық-түзету** | Сандармен «Көршісін тап?» дидактикалық ойынын ойнату.<br>Балаларды мақтап,мадақтау. | Балалар ойын ойнайды,<br>Білімдерін тиянақтайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Апта күндерін біліп,ретімен айтуға үйренеді
**Игереді:** Күндерді ретімен айтып үйренеді.

**Ересек топ «Балдырған»тобы «Таным» «Ойна да ойлан» вариативтік компонентің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Күні, айы, жылы.** 22.10.2021ж

**Тақырыбы**: Салыстыру.

**Мақсаты**:Көп,аз,тең ұғымдарын бекіту,белгілерін қойып үйрету.

**Көрнекіліктер:** Ойыншықтар,сандар.

**Билингвальды компонент:**Көп-много,аз-мало,тең-равно

**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** Санайтын таяқшалар.

| | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Ұымдастыру кезеңі.<br>Реттік санау.<br>Балаларға тапсырмалар беру арқылы заттарды салыстыру.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс жүргізу. | Балалар бірігіп санайды.<br><br>Үлестірмелі материалмен жұмыс жасайды. |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | Балаларға математикалық таяқшалар таратып тапсырмалар беру.Үстел үстіне балалар таяқшалар қойып салыстыру жұмыстарын жүргізеді.<br>«< > =» белгілерді қоып үйренеді.<br>- Бір шетіне үш таяқша қоямыз,ал басқа шетіне бес таяқша қоямыз,қайсысы көп?<br>Балалар таяқшаларды салыстырып белгі қояды.<br>Балалар тәрбиешінің бірнеше тапсырмасын орындайды.<br>Сергіту сәті.<br>Орнымыздан тұрайық<br>Алақанды соғайық<br>Оңға қарай иіліп<br>Солға қарай иіліп<br>Бір шынығып алайық.<br>Балалармен «Қайсысы көп,қайсысы аз» дидактикалық ойын ойнату.<br>Балалар ойыншықтарды қойып салыстырады.<br>Бір шетіне сары текшелер қойып,екінші шетіне қызыл текшелер қойып салыстырады. | Таяқшаларды салыстырып,белгілерді қояды.<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br><br>Дидактикалық ойын ойнап, білімдірін шыңдайды. |
| **Рефлексиялық-түзету** | - Балалар,біз бүгін қандай белгілермен таныстық?<br>Балалардың жауаптарын тыңдау.<br>Балаларды мақтап,мадақтау. | Көп,аз, тең белгілерімен таныстық. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**Көп,аз ұғымдарын

**Игереді:** Көп, аз, тең белгілерін қойып үйренеді.

**Ересек «Балдырған» топ. «Таным», білім беру саласы «Ойна да ойлан» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Күні, айы, жылы..** 29. 10. 2021ж.
**Тақырыбы**: Ойлан тап, «Бұл қай сан?»
**Мақсаты**:Сандардың орнын таба білуге,таңбасын тани білуге үйрету.
Математикаға қызығушылығын арттыру.
**Көрнекіліктер:** Сандар,суреттер.
**Билингвальды компонент:** Сан-число,цифра.
**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** Кеспе сандар,суреттер.

| | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивация лық-қозғаушылық** | Ұйымдастыру-ынталандыру кезеңі.<br>Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жақсы лебіздер айтады. | Балалар шеңберге тұрып,жақсы лебіздер айтады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | Ұйымдастыру кезеңі<br>Балалармен тұра, кері санау.<br>Балаларға тапсырмалар беру.<br>Заттардың қасына сандардың таңбасын қояды.<br>Үш зат қойып,балаларға үш затты белгілейтін үш санының таңбасын қойғызу.<br>Балаларға тақтаға ілінген сандарды көрсетіп,санату.<br>Балалармен «Жоғалған санды тап» деген дидактикалық ойын ойнату.Тақтаға ілінген бір санды жасырып,балаларға жоғалған санды тапқызу.Ойынды бірнеше рет ойнату.Ойын арқылы балалардың білімдерін бекітіп,тиянақтау.<br>Сергіту сәті:<br>Біз гүлдердей өсеміз<br>Жапырағы жайқалған.<br>Сабақтары салалы,<br>Желге ырғалып шайқалған.<br>1-ден 5-ке дейін санатып,2 және 4 сандарының көршісін тауып, атап орнына қой.Олүшін алдыңғы және артқы санды ата. | Тұра, кері санайды.<br>Тапсырмаларды орындайды.<br>Сандардың таңбасын қояды.<br><br>Ойын ойнап,білімдерін шыңдайды.<br><br>Сергіту сәтін орындай-ды. |
| **Рефлексиялық-түзету** | Қорытындылау<br>-Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?<br>-Ойын сендерге ұнады ма?<br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br>Белсенді қатысқан балаларды мақтап, мадақтау | Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Балалар қуанады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Сандарды
**Игереді:** Сандардың ретін,таңбасын тани білуге үйренеді.

**Ересек «Балдырған»тобы.«Таным», білім беру саласы «Ойна да, ойлан» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің**
**№ технологиялық картасы**

**Күні, айы, жылы.** 05.11.2021ж

**Тақырыбы:** Қайсысы қай баспанада тұрады?

**Мақсаты:** Балаларға үлкен,кіші ұғымдарын түсіндіріп, бекіту. Жануарларды көлеміне қарап,баспаналарына орналастыру.Ойлау қабілеттерін дамыту.

**Көрнекіліктер:** Суреттер.

**Алдын-ала жүргізілетін жұмыс:**Жануарлардың суреттері.

| | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шаттық шеңбері.<br>Кел,балалар күлейік<br>Күлкіменен түлейік<br>Қабақ шытқан не керек<br>Көңілді болып жүрейік! | Шеңберге тұрып,өлең шумақтарын қайталайды. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | Кіріспе әңгіме<br>Балаларға қонаққа: аю, қасқыр, тышқан келеді.<br>-Балалар, бүгін бізге қонаққа аңдар келіпті.<br>-Қандай аңдар келіпті?<br>-Аю, тышқан, қасқыр.<br>-Дұрыс балалар,олар бізден көмек сұрап келіпті,олар өз баспаналарын тауып бергендеріңді сұрайды.<br>Тәрбиеші балаларға үйлердің суретін көрсетіп, олардан үйлердің көлемі жайлы сұрап біледі.<br>-Аю қай үйде тұрұ керек деп ойлайсыңдар?<br>-Тышқан қай үйде тұрады деп ойлайсыңдар?<br>- Қасқырдың үйін тауып беріңдерші?<br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br>Балалар аңдарға баспаналарын тауып береді.<br>Ең үлкен үй аюдың үйі,орташа үй қасқырдың үйң, ал ең кішкентай үй тышқанның үйі.<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрайык.,<br>Қолымызды ұрайық.<br>Бір отырып, бір тұрып.<br>Біз тынығып алайық. | Сұрақтарға жауап береді<br><br>Суреттерге қарап аңдардың үйлерін анықтайды.<br><br>Сергіту сәтін көрсетіп қимылмен орындайды. |
| **Рефлексиялық-түзету** | Аю,қасқыр,тышқан балаларға ризашылықтарын білдіріп,рахметтерін айтады.Балалармен қоштасады.<br>Балаларға таяқшалар таратылып,әр-түрлі көлемдегі үйлерді құрастыруға ұсынылады.<br>Балаларды мақтап, мадақтау. | Балалар таяқшалардан баспаналар құрастырады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Үлкен,кіші заттарды атай біледі

**Игереді:** Үлкен, кіші ұғымдары жайлы білімдері кеңейеді.

**Ересек «Балдырған»топ. «Таным», білім беру саласы «Ойна да ойлан»вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің технологиялық картасы**

**Күні, айы, жылы.** 12.11.2021ж.
**Тақырыбы**: Сиқырлы мозаика.
**Мақсаты:** Балаларды үлгі бойынша заттарды сызықпен қосу арқылы ой-өрісін арттыру, тапқырлыққа баулу.
**Көрнекіліктер:** Үлгі суреттер.
**Билингвальды компонент**: Сиқырлы-волшебный
**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** Ақ қағаз, түрлі түсті қарындаштар дайындау.

| | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері**<br>Біз қандаймыз, қандаймыз!<br>Шұғылалы таңдаймыз!<br>Күлімдеген күндейміз!<br>Еш уайымды білмейміз.<br>Балалардың көңіл-күйлерін көтеру.<br><br>«Мынау қай түс?» дидактикалық ойынын ойнату. | Шеңберге тұрып өлең жолдарын бірігіп айтады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | Мақсаты: Түстерді ажырата білу,түстерді қолдана білу.<br>Балаларға мозаика таратып беріп өздеріне ұнайтын заттар-ды құрастыру.<br>Балалар өз бетінше мозаикамен құрастыру жұмысын жүргізеді. Тәрбиеші балаларға түстерді үйлесімді пайдалану керектігін айтып бағыт береді.Орындалған жұмыстар талқыланады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жеті түсті қарындаш<br>Тату-тәтті қарындас.<br>Күні бойы болдырып,<br>Ұзақ-ұзақ жол жүріп,<br>Көлге бірге барыпты,<br>Қол ұстасып алыпты.<br>Тәрбиеші балаларға тапсырма береді, сызық арқылы заттарды қосу.Балалар заттарды сызық арқылы қосады.<br>Өздерінің жасаған жұмыстары жайлы көрсетіп әңгімелеп береді. Түрлі-түсті бөлшектерден әр-түрлі заттар құрауға болады екенін біледі.Балалардың жұмыстарынан шағын көрме ұйымдастыру. | Ойын ойнап білімдерін шыңдайды.<br><br>Мозаикамен құрастыру жұмыстарын жүргізеді.<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br><br>Қағаз бетіндегі суреттерді сызықтар арқылы қосады. |
| **Рефлексия лық- түзету** | Балалардың жұмысын талдау, бағалау.<br>Мадақтау. | Балалар жасаған жұмыстарын көрсетеді. |

**Күтілетін нәтиже**:
**Біледі:** Түстерді Ажыратып атайды
**Игереді**: Түрлі-түсті бөлшектерлен заттарды құрастырып үйренеді.

**Ересек «Балдырған»топ.«Таным» білім беру саласы «Ойна да ойлан» сиқырлы бояулар вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.**

**Күні,айы,жылы.** 19.11.2021ж

**Тақырыбы**: Ойнай отырып ойла

**Мақсаты:** Балалардың ақыл-ойын дамуын жоғарлатып,тапқырлықпен ақылдыққа үйрету.

**Көрнекіліктер:**Кеспе сандар,ойыншықтар

**Билингвальдыкомпонент:**Сайқымазақ-клоун

**Алдын -ала жүргізілетін** жұмыс: Сандар,пішіндер,қобдиша.

| | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру кезені** | **Шаттық шеңбері**<br>Кел балалар күлейік<br>Күлкіменен түлейік<br>Қабақ шытқан не керек<br>Көңілді боп жүрейік | Шеңберге тұрып бірігіп өлен жолдарын айтады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Ынталандыру кезені**<br>Балаларға қонаққа сайқымазақ келеді.<br>- Сәлеметсіңдерме, балалар!<br>- Сәлеметсізбе!<br>Балалар бізге бүгін сайқымазақ келіпті.<br>Сайқымазақ өзімен бірге сиқырлы қобдишасын алып келеді.<br>-Балалар,менің қобдишамның ішінде тапсырмалар бар,кәне бәріміз сол тапсырмаларды бірігіп орындайық.<br>Сайқымазақ ортаға бір баланы шақырыды, қобдишаның ішінен тапсырма алғанын ұсынады.<br>Балалар сайқымазақтың тапсырмаларын орындайды.<br>1.«Пішінді ата» ойынын ойнатады.<br>Балалар сайқымазақтың көрсеткен пішіндерін атайды.<br>2.«Жоғалған санды тап?» ойынын ойнатады.<br>Тақтаға сандар ілінеді,балалар көзін жұмған кезінде бір сан жасырылынып,балаларға сол санды табуларын ұсынылады.<br>3. «Қайда орналасқан?» ойынын ойнату. | Балалар сайқымазақпен амандасады.<br><br>Балалар сайқымазақтың тапсырмаларын орындайды,білімдерін тиянақтайды,көңілдерін көтереді. |
| **Рефлексиялық-түзету** | Сайқымазақ балаларға ризашылығын білдіреді.<br>Балаларды мақтап, мадақтайды.<br>-Балалар, сендерге менің тапсырмаларым ұнады ма? Келесі жолы мен сендерге басқа ойндар, тапсырмалар алып келемін.Ал,енді мен қайтуым керек. Келесі көріскенше қош,сау болыңдар!<br>Балалар, сайқымазақпен қоштасады. | Балалардың көңіл-күйлері көтеріледі. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Пішіндерді, сандарды.

**Игереді:**Тапсырмаларды орындап ақыл-ойларын кеңейтеді.

**Ересек «Балдырған»топ. «Таным», білім беру саласы «Ойна да ойлан»вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің**
**№ технологиялық картасы**

**Күні, айы, жылы..** 26.11.2021ж
**Тақырыбы:**Жасырын жануарларды тауып боя.
**Мақсаты:** Жасырынып тұрған жануарларды тауып керек түске бояй білуге үйрету..
**Көрнекіліктер:** Жануарлардың суреттері.
**Билингвальды компонент:** Жанур-животное
**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** Жасырылған жануарлардың суреттері,түрлі-түсті қарындаштар.

| | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру кезеңі** | **Ұымдастыру кезеңі**<br>Балаларға жануарлар туралы жұмбақтар жасыру.<br>Өзі айлакер, өзі бір ку<br>Жүрген жері айкай да шу.<br>(түлкі)<br>Төрт аякты шалғы<br>Шауып кетер малды.(каскыр)<br>Өзі ноян,<br>Коркак кім? (коян) | Балалар жұмбактардың шешуін табады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | Балаларға жануарлардың суреттерін көрсетіп әңгімелесу.<br>-Балалар суретте қандай жануарлардың суреттерін көріп тұрсыңдар?<br>-Қоян,түлкі, қаскыр, аю.<br>-Бұл жануарлар қайда мекендейді?<br>-Орманда мекендейді.<br>-Дұрыс,ал түстері қандай?<br>Балалар жануарлардың түстерін айтады.<br>-Олар немен коректенеді?<br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайык<br>Қолымызды соғайык<br>Бір отырып, бір тұрып<br>Біз тынығып алайык.<br>Тәрбиеші балаларға жасырынып тұрған жануарлардың суреттерін таратып береді.Балалар жасырынып тұрған жануарлардың суреттерін тауып керекті түспен бояйды. Тәрбиеші көмек көрсетіп, бағыт-бағдар береді.<br>Балалар өз бетінше жұмыс жасайды. | Суреттерге карап жануарларды атайды.<br><br>Сұрактарға жауап береді.<br><br>Қимыл-қозғалыспен сергіту сәтін орындайды.<br><br>Тапсырманы орындайды,суреттерді бояйды. |
| **Рефлексиялык-түзету** | Балалар түлкі, қоян, аю,т.б.жануарлар туралы білетін тақпақтарын айтады.<br>Тапсырманы жақсы орындағанған балалар мақталып мадақталады. | Тақпақтар айтады.<br>Балалардың көңілдері көтеріледі. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Жануарларды атай біледі
**Игереді:**Суреттің ішінен жасырынып тұрған жануарды тауып ,керекті түсті таңдауды үйренеді.

**Ересек «Балдырған» топ. "Таным" білім беру саласы бойынша «Ойна да ойлан вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің**

**№ технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы. 03.12.2024

**Тақырыбы**: Айша қай үйде тұрады?

**Мақсаты**: Үлкен, кіші ұғымдарын бекіту. Қызды тұратын үйін таба білуге көмектесу,ойлау қабілетін дамыту.

**Билингвальды компонент:** Үй-дом, қыз-девочка

**Қажетті құралдар:**Үйлердің суреттері,қыздардың суреттері **Көрнекілік:** Суреттер

| | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушы лық** | **Ынталандыру кезеңі**<br>Шеңберге тұрып бірігіп өлең шұмақтарын айтады<br>Біздің үйден ән тарап<br>Думандатар өмірді,<br>Біздің үйде салтанат<br>Біздің үйде көңілді.<br>**Балалармен кіріспе әңгіме жүргізу.**<br>Балалардан өз үйлері туралы әңгімелеп берулерін сұрау. Үйлер бір қабатты,көп кабатты,көлемі бойынша үлкен,кіші болатынын айту. | Шеңберге тұрып бірігіп өлең жолдарын айтады.<br><br>Өз үйлері туралы әңгімелейді. |
| **Ұйымдас тырушы лық-ізденістік** | Үйлер бейнеленген суреттердң көрсетіп балалармен әңгімелесу.<br>-Балалар суретте не көріп тұрсыңдар?<br>-Үйлердің суреттерін көріп тұрмыз.<br>-Қандай үйлер көріп тұрсыңдар?<br>-Үлкен,кіші, орташа.<br>Қыздар бейнеленген суреттер көрсетіледі.Суретте үш қыздың суреті бейнеленген.Қыздардың аттары: Айша, Сәуле және Самал екен.<br>-Балалар мына суреттегі қыздар қандай екен?<br>-Қыздардың ішінде қай қыздың бойы үлкен екен?<br>-Ең кішкентай қыз кім екен?<br>-Бойы орташа қыздың аты кім екен?<br>Балалар қыздардың бойын анықтайды.Бойы ең үлкен қыз Айша, орташа қыз Самал,ал ең кішкентай қыз Сәуле екен.<br>Тәрбиеші балаларға қыздардың үйлерін тауып берулерін сұрайды.Балалар қыздарды бойларына қарап,кім қайда тұратынын анықтайды.Айша үлкен үйде тұрады,Самал орташа үйде тұрады,Сәуле кішкентай үйде тұрады. | Суреттерге қарап тәрбиешінің скрақтарына жауап береді.<br><br>Қыздарға үйлерін табуға көмектеседі. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Қыздарға үйлерін табуға көмектескендері үшін балаларды мақтап, мадақтау. | Балалардың көңілдері көтеріледі. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**Үлкен,кіші заттарды атайды.

**Игереді:**Үлкен.кіші ұғымдарын бекітеді

**Ересек «Балдырған»тобы**
**«Таным» білім беру саласы «Ойна да ойлан» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Күні, айы, жылы.** 10.12.2021ж

**Тақырыбы**: «Бұл қай сан?»(жасырынып тұрған сандарды табу)

**Мақсаты:**Балаларға тұра,кері санауды бекіту.Ақыл-ойларын,зейіндерін дамытып тапқырлыққа баулу.

**Көрнекіліктер:** Сандар

**Билингвальды компонент**: Сан-цифра,число

**Керекті құрал-жабдықтар:** Үлестірмелі суреттер,түрлітүсті карындаштар.

| | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері**<br>Қуанасынң сенде<br>Қуанамын менде<br>Қуанайық бәріміз<br>Күлімдеп шыққан күнге!<br>Балалар бір-біріне жақсы лебіздер айтып,жылулықпен,күлкілерін сыйлайды. | Балалар өлең жолдарын айтады, бір-біріне жылу сыйлайды |
| Ұйымдасты ру ізденістік | Балалармен тұра, кері санауды пысықтау.<br>Тәрбиеші балаларға жасырынып тұрған сандары бар суреттерді таратып береді.Балалармен қандай сандар жасырынып тұрғанын анықтайды.Жасырынып тұрған сандарды тауып көрсетеді,қандай сан екенін айтады.<br>-Мынау ненің суреті екен?<br>-Дұрыс, үйдің суреті екен,ал мұнда қай сан жасырынып қалыпты?<br>-Төрт саны жасырыныпты.<br>-Ал,ағашта қандай сандар жасырынып тұр екен?<br>Балалар суреттегі жасырынып тұрған барлық санды анықтап алады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымда бес саусақ<br>Екі қолды қосқанда<br>Болады екен он саусақ.<br>Балалар таратылып берген суреттердің ішінен жасырынып тұрған сандарды тауып бояйды.<br>Балалардың білімін бекіту мақсатында «Жоғалған сан» дидактикалық ойынын ойнату. Тақтаға сандар ілініп ішінен бір сан жасырынылады,балалар жетпей тұрған санды тауып орнына іледі.Ойынды бірнеше рет қайталап ойнату. | Балалар зейін қойып тыңдайды.<br><br>Сандарды тауып ,анықтайды.<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br><br>Суреттегі сандарды тауып бояйды.<br>Ойын ойнайды. |
| Рефлексиялық-түзету | -Балалар бүгін біз қандай жұмыс атқардық?<br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br>Балаларды мақтап,мадақтау. | Сандарды тауып боядық,ойын ойнадық. |

**Күтілетін нітиже:**

**Біледі:**Сандарды,санауды

**Игереді**: Сандар туралы білімдерін бекітеді. зейіндерін дамытады.

**Ересек «Балдырған»тобы**
**«Таным» білім беру саласы «Ойна да ойлан»вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Күні, айы, жылы** 24.12.2021ж
**Тақырыбы**: Сандар әлеміне саяхат
**Мақсаты**: Балаларды санай білуге үйрету.Сандарды ажырата білу кабілеттерін арттыру.
**Көрнекіліктер**: Сандар
**Билингвальды компонент:** Сандар әлемі-мир чисел
**Керекті құрал-жабдықтар:** Сандарға байланысты суреттер

| | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері**<br>Балалар бірігіп тұрып өлең шұмақтарын айтады.<br>Білім аққан сел дейді,<br>Бірақ оңай келмейді<br>Ала білсең білім көп<br>Ақыл-ойға кел дейді. | Балалар өлең жолдарын айтады |
| Ұйымдастыру іздестік | **Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу.**<br>-Балалар сендер саяхатқа барғылырың келе ме?<br>-Иә,барғымыз келеді.<br>-Ендеше біз бүгін «Сандар әлеміне» саяхатқа барамыз.<br>Тәрбиеші балаларға алма ағаштың суретін көрсетеді,алмалардың орнына ағашта сандар ілініп тұрады.<br>Балалар ағаш басында қандай сандар көріп тұрсыңдар?<br>Балалар ағаштағы сандарды айтады. Суреттерді көрсетіп сұрайды.<br>Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетіп скрайды:<br>-Суретте неше зат бар?<br>Суреттегі заттарды балалар санап айтады.Қай суретте неше зат бар екенін анықтап айтады.<br>**Санамақ айтқызу**<br>Кел, санайық санамақ<br>Саусақтары даралап<br>Бас бармағым бірінші<br>Ортан терек екіншң<br>Шылдыр шүмек төртінші<br>Балан үйрек екінші<br>Шынашағым бесінші<br>Ортақ бәріне алақан<br>Бір үйде біз нешеуміз<br>Бір үйде біз бесеуміз. | Тәрбиешінің скрақтарына жауап береді.<br><br>Суреттегі сандарды айтады.<br><br>Санамақ айтады. |
| Рефлексиялық- түзету | -Балалар біз саяхатқа қай жерге бардық?<br>-Қандай ағаш кездестірдік?<br>Балалардың жауаптары тыңдалады.Балаларды мақтап, мадақтау. | «Сандар әлеміне» саяхатқа бардық.<br>Көңілдері көтеріліп, қуанады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Санауды,сандарды
**Игереді:** Сандарды ажыратып үйренеді,ақыл-ойлары кеңейеді.

**Ересек «Балдырған»тобы**
**«Таным» білім беру саласы «Ойна да ойлан» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Күні, айы, жылы** 31.12.2021ж
**Тақырыбы**: Ойнайық та, ойлайық
**Мақсаты** :Геометриялық фигуралар туралы білімдерін кеңейту.Оң-сол ұғымдарын бекіту. Ойлау қабілеттерін дамыту.
**Көрнекіліктер**: Суреттер. **Билингвальды компонент**: Ойын-игра, ойлау-думать
**Керекті құрал-жабдықтар:** Ақ парақ, үлестірмелі суреттер.

| | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбер:**<br>Кел балалар,ойнайық<br>Ойнайық та ойлайық<br>Қандай жұмбақ болсада<br>Шешпей оны қоймайық<br>Ал,тыңдаңдар,тыңдаңдар<br>Асығыстық қылмаңдар<br>Асықпайық дегенге<br>Бөгеліп те тұрмаңдар. | Балалар өлең жолдарын айтады |
| **Ұйымдасты ру ізденістік** | Балаларға қонаққа Буратино келеді.Ол түрлі геометриялық фигуралар алып келеді. Балалардан көмек сұрайды. Буратино балалармен «Мынау қай фигура?» ойынын ойнайды. Балалар Буратиноның көрсеткен фигураларын атайды.<br>-Фигуралар бірдей ме, әлде әртүрлі ме?<br>-Несімен ерекшенеледі?<br>Балалар шаршының бұрыштары бар екенін,ол домалай алмайтынына назар аудаады.<br>-Тағы қандай фигураларда бұрыштары бар?(үшбұрыш, төртбұрыштың)<br>-Осы фигураларға ұқсайтын заттарды атаңдар?<br>Балалар ұқсайтын заттарды атайды.<br>Буратино балалармен сергіту сәтін жүргізеді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Балықтарды аулаймыз,<br>Ауды суға саламыз.<br>1,2,3,4,5; 1,2,3,4,5,<br>Ауды қайта тартамыз,<br>Балықтарды санаймыз.<br>Балалар «Қоянның көршісін тап?» ойынын ойнайды.Ақ қағаз таратып,ортасына қоянның суретін қойғызу,қоянның оң жағында көршісі кірпі,ал сол жағында ағаш өсіп тұр екен Жоғарыда күн жарқырап тұр, ал төменде саңырауқұлақтар өсіп тұр. Бадалар өз бетінше суреттерді орналастырады. | Балалардың жауаптары тыңдалады.<br><br>Фигураларға ұқсайтын заттарды айналадан тауып атайды.<br><br>Балалар зейін қойып тыңдайды.<br><br>Қимыл-қозғалыспен сергіту орындайды.<br><br>Суреттерді орналастырады. |
| **Рефлексиялық-түзету** | Буратино балаларды ойынға белсенді қатысқаны үшін ризашылығын білдіріп, мақтап,мадақтайды. | Балалар қуанады. |

**Күтілетін нәтиже:**.
**Біледі:**Геометриялық фигураларды.
**Игереді:** Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттері артиды.

**Ересек «Балдырған»тобы**
**«Таным» білім беру саласы «Ойна да ойлан» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Күні, айы, жылы** 14.01.2022ж.
**Тақырыбы**:Реттік және сандық есеп.
**Мақсаты**: Ойлау қабілеттерін дамыту.Өткен материалды пысықтау.
**Көрнекіліктер**: суреттер.
**Билингвальды компонент:** реттік-порядковый
**Керекті құрал-жабдықтар:** санауға арналған таяқшалар

| | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шаттық шеңбері<br>Төрт дөңгелек бар арбада<br>Төрт аяқ бар малда да<br>Тауыса алмай бидайды<br>Төрт тышқан жүр қамбада. | Балалар өлең жолдарын айтады |
| **Ұйымдастырушылық ізденістік** | Ауызша санау.<br>1-ден 10-ға дейін тұра және кері санауды бекіту ,бір ,екі сан аттай отырып санау,сандардың көршілерін атау.<br>Балалармен есептер құрастырып шығару.<br>Тәрбиеші балаларға санауға арналған таяқшалар таратып беріп балаларға есептер құратады.<br>Тақтаға құстардың суретерін іледі.<br>Ағашта отырған үш құстың жанына тағы екі құс ұшып келді, ағашта неше құс болды?<br>Балалар таяқшаларымен жұмыс жасайды.<br>Арманда төрт алма болды,бір алманы ол досына берді.Неше алма қалды?<br>-Үш алма қалады.<br>3+2=5 4-1=3<br>5-2 =3 5+2=7<br>Балалар қосу,азайту амалдарына бірнеше есептер шығарады.<br>Сергіту сәті:<br>Шаршасаңдар балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Бір,екі,үш,төрт,бес,<br>Саусақтармен ойнаңдар.<br>Денелерің шыныксын,<br>Саналарың тыныксын.<br>Балалар таяқшалардан санлар құрастырады,өзі қалаған заттарды құрайды(үйлер, көлік,шырша ағашын,т.б.). | Тұра,кері санайды.<br><br>Балалар есептер шығарады.<br><br>Таяқшалармен жұмыс жасайды.<br><br>Сергіту сәтін орындайды. |
| **Рефлексиялық-түзету** | Тәрбиеші балардың жасаған жұмыстарын талдайды.<br>Балалар таяқшаларды тек санауға ғана емес,қызықты заттар құрастыруға болады екенін білгендерін айтады.Балаларды мақтап,мадақтау. | Балалар таяқшаларды орнына жинайды. |

**Күтілетін нәтиже**:
**Біледі:** тұра,кері санауды
**Игереді:** Таяқшалар көмегімен есептер шығарып үйренеді.

**Ересек «Балдырған»топ.**
**"Таным" білім беру саласы бойынша «Ойна да ойлан»вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетініңтехнологиялық картасы.**

**Күні, айы, жылы** 21.01.2022ж
**Тақырыбы**: Бірдей екі суретті тап
**Мақсаты**: Берілген суреттерден бірдей екі суретті таба білуге,тез ойлауға,тапқырлыққа баулу.
**Қажетті құралдар:** Суреттер
**Билингвальды компонент**: бірдей-одинаковый

| | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс- әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Балаларды шеңбер бойына тұрғызып бірігіп айтады:<br>Қол алысып қане біз<br>Достасайық бәрәміз<br>Айтарым бар сендерге<br>Тік тұрындар шеңберге<br>Қандай жақсы бір тұру<br>Қандай жақсы дос болу. | Балалар шеңбер жасап тұрады,бірігіп өлең жолдарын айтады. |
| **Ұйымдастырушылық ізденістік.** | -Балалар мен сендерге қазір суреттер көрсетемін.<br>Сендер сол суреттерді мұқият көріп, қарап алыңдар,бірдей екі суретті тауып беріңдер.<br>Тәрбиеші балаларға суреттер ұсынады .Берілген суреттердің ішінен балалар бірдей суреттерді тауып береді. Балалар суреттегі бейнеленген заттарды атап айтып береді.<br><br>Сергіту сәті.<br>Ал балалар тұрайық<br>Мойнымызды бұрайық<br>Қолымызды созайық<br>Жел сияқты қалықтап<br>Оңға, солға иіліп<br>Денемізді бұрайық.<br>Тәрбиеші балалармен «Не жетпейді?» дидактикалық ойынын ұйымдастырады. Буып алаларға суреттер таратылып ,суретте не жетпей тұрғанын айтып, суреттердегі жетпей тұрған заттың суретін салып ,суретті толықтырады. Өздері салған суреттері жайлы әңгімелеп береді. | Балалар суреттер қарап ішінен екі бірдей суретті табады.<br><br>Сергіту сәтін орындайды қимыл-қозғалыспен. |
| **Рефлексивтік түзетушілік** | -Балалар біз бүгін сендермен қандай жұмыс атқардық?<br>Балалардың жуаптары тыңдалады.<br>Балаларды тәрбиеші мақтап, мадақтау. | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже**
**Біледі:**Суреттердің ұқсастықтарын
**Игереді:** Зейіндері дамиды.

**Ересек «Балдырған»топ.**
**"Таным»" білім беру саласы бойынша «Ойна да ойлан»вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Күні, айы, жылы.** 28.01.2022ж.
**Тақырыбы:** Ребус шешу.
**Мақсаты:** Балаларды ребус шешуге үйрету,тапқырлыққа баулу.Математикаға деген қызығушылығын арттыру.
**Керекті құралдар:** Ребус суреттер.
**Билингвальды компонент**: шешу-решать

| | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс- әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балалар шеңберге тұрып бірігіп айтады<br>Қосыл,қосыл шеңберге,<br>Нағыз адал дос болып.<br>Қосыл,қосыл шеңберге<br>Ең сенімді дос болып<br>Қосыл,қосыл шеңберге<br>Ең мейірімді дос болып. | Балалар бірге тұрып өлең шұмақтарын айтады. |
| **Проблемалық -ізденістік** | -Балалар сендер ребус не екенін білесіңдер ме?<br>Тәрбиеші балаларға ребустың түрлерін көрсетіп, түсіндіреді.<br>Балалар тәрбиешіменбірігіп ребусташ шешеді.<br>Суреттер арқылы адамның есімін құрауға болатынын айтады.<br>Мысалы: алманың суретінііп жанына гүлдің суретін қойып Біріктіріп айтса Алмагүл деген адамның есімі шығады.<br>Айдың суретінің тұсына гүдлдің суретін қосып бірігіп айтса Айгүл деген есім пайда болады.<br>«Тон» деген сөздің бірінші ірпін алса «он»деген санның атауы шығады.Балалар бірнеше тапсырма орындайды.<br>Сергіту сәті:<br>Бойыңды сергек тік ұста,<br>Емін-еркін тыныста<br>Деміңді ішке тез алда,<br>Оң қолыңды соз алға<br>Қол ұшына қарада,<br>Үшбұрыш сыз ауада<br>Сол қолда бос тұрмасын | Тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br>Ребустар шешеді тәрбиешінің көмегімен.<br><br>Қимыл-қозғалыс жасап сергіту орындайды. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Тәрбиеші балалардан ребустар жайлы сұрап, қорытынды жасайды. Балаларға өз беттерінше ребустар құрастыру ұсынылады,тәрбиеші көмек, бағдар береді.<br>Балаларды мақтап, мадақтау. | Балалардың көңіл-күйлері көтеріліп, қуанады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Суреттегі заттарды атай біледі.
**Игереді:** Ребус ұғымын түсінеді,ребустар шешіп үйрене

**Ересек «Балдырған» топ.**
**"Таным" білім беру саласы бойынша «Ойна да ойланн» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің**
**технологиялық картасы**

**Күні, айы, жылы.** 04.02.2022ж.
**Бөлімі:** Логика
**Тақырыбы:** Кілемді пішіндермен толықтыр
**Мақсаты:** Шеңбер,үшбұрыш,төртбұрыш,шаршы геометриялық фигуралаын,түстерін тану және аттарын атау дағдысын бекіту,фигураларды пішіні бойынша топтастыруға жаттықтыру.Пішіндерден оюөрнектер құрастыруға үйрету.
**Керекті құралдар:** Қағаз ,қиылған фигуралар, желімдер.
**Билингвальды компонент:** пішін-фигура, кілем-коврик

| | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс- әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шаттық шеңбері:<br>Балалар бірігіп айтады:<br>Саусақтарым билеңдер<br>Әдемі кілем тоқыңдар<br>Неткен жақсы шеберлер<br>Ою қосып тоқыңдар<br>Саусақтарым билеңдер<br>. | Өлең жолдарын қайталайды. |
| **Проблемалық -ізденістік** | **Балалармен кіріспе әңгіме жүргізу.**<br>Балаларға кілем түрлерін көрсетіп сұрау<br>-Балалар сендер не көріп тұрсыңдар?<br>-Кілемдер көріп тұрмыз.<br>-Қандай ою-өрнектер білесіңдер?<br>-Қос мүйіз,құс қанаты,гүл т.б.<br>Балалардан кілем бетінен қандай геометриялық пішіндер көріп тұрғандарын сұрайды.<br>Балаларға үлгі сурет көрсетіп,ою-өрнектерді геометриялық пішіндерден құрауға болатынын айтып түсіндіру.Балаларға пішіндерден кілем құрауға ұсыну.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал, балалар тұрайық<br>Ою-өрнек сызайық<br>Түйе табан, ботагөз<br>Қой ізі мен қос мүйіз<br>Бүршік пен гүл әдемі-<br>Ою-өрнек әлемі.<br>Балалар қағаз бетіне қиылған пішіндерден оюөрнектерден кілем құрайды. Балалар өз бетінше жұмыс жасайды. | Сұрақтарға жауап береді.<br><br>-кілемдер көріп тұрмыз<br>-гүл,қос мүйіз т.б.<br><br>-төртбұрыш,шаршы,дөңгелек,үшбұрыш<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br><br>Өз бетінше жұмыс орындайды. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Қорытындылау.<br>Балалардың жасаған жұмыстарынан шағын көрме ұйымдастырылады.Балалар өз жұмыстары жайлы әңгімелеп береді.Тәрбиеші балалардың жұмыстарын талдайды, талқылайды,мақтап, мадақтайды. | Жұмыстарын көрмеге қояды,өз жұмыстары жайлы әңгіме құрайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Ою-өрнектерді
**Игереді:** Геометриялық пішіндерден кілем құрастыруға

**Ересек «Балдырған» топ.**
**"Таным" білім беру саласы бойынша «Ойна да ойлан» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің**
**технологиялық карта.**

**Күні, айы, жылы.** 11.02.2022ж
**Білім беру саласы:**Таным
**Бөлімі:** Логика.
**Тақырыбы:** «Кірпі қайда барады?» (дидактикалық ойын)
**Мақсаты:** Оң,сол ұғымдарын бекіту. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету,ойлау қабілеттерін дамыту..
**Керекті құралдар**: Кірпінің суреті, жемістер мен көкөністердің суреті
**Билингвальды компонент:** кірпі-еж ,жемістер-фрукты

| | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Баланың іс- әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.<br>Жұмбақ:<br>Көп-көп ине,көп ине,<br>Бір сабағы жоқ ине<br>Іс тікпеді әрине<br>(кірпі)<br><br>Балалар жұмбақтың шешуін табады. | Балалар жұмбақтың шешуін табады.<br><br>-кірпі |
| **Проблемалық -ізденістік** | - Дұрыс балалар,ол кірпі екен.<br>Бізге қонаққа бүгін кірпі келіпті. Кірпі сендерге тапсырмалар алып келіпті.Кірпіде дорба бар екен.<br>-Тікен бас кірпі сенің дорбаңда не бар?<br>-Менің дорбамның ішіндегі заттарды қолдарыңмен ұстап,сипаттап беріңдер.<br>Балалар дорбаның ішіне салынған заттарды қолмен ұстап,сипаттайды,ол заттың қасиеттерін айтады,содан кейін алып шығады.Дорбаның ішінде жемістер болады.Кірпі қандай жемісті жақсы көретінін айтады.<br>-Балалар кірпілер қайда мекендейді?<br>Орманда мекендейді.<br>-Балалар маған менің үйімді табуға көмектесіңдерші.<br>Кірпі қоянның оң жағында тұрады екен,ал сол жағында түлкі тұрады екен.Кірпіні өз үйіне орналастырыңдар.Балалар кірпіге үйін табуға көмектеседі,оны қоянның оң жағына орналастырады. | Балалар кірпінің тапсырмасын орындайды.<br><br>Дорбаның ішіндегі заттарды сипаттайды.<br><br>Кірпіге үйін табуға көмектеседі. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Тәрбиеші м Әлімбаевтың «Кірпінің қылығы» өлеңін оқып береді.<br>Кірпі өз үйін қайта тапқанына қуанып, балаларға өз ризашылығын білдіреді.Балаларды мақтап, мадақтап,қош айтысады. | Тәрбиешінің оқыған өлеңін оқиды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Кірпі жайлы,немен қоректенетінін
**Игереді:** Заттардың қасиеттерін сипаттап,кеңістікті бағдарлай білуге үйренеді.

**Ересек «Балдырған» топ.**
**"Таным" білім беру саласы бойынша «Ойна да ойлан»вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.**

**Күні, айы, жылы.** 18.02.2022ж.
**Білім беру саласы:** Таным
**Бөлімі:** Логика
**Тақырыбы**: «Балапандарды иесіне жеткізу».
**Мақсаты:** Балапандарға иелерін табуға көмектесіп,ойлау қабілеттерін арттыру. Құстарға қамқорлықпен қарауға тірбиелеу.
**Керекті құралдар:** Суреттер **Билингвальды компонент:** балапандар- цыплята

| | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс- әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Тәрбиеші балаларға тақпақ айтады:**<br>Шұбар тауық мүлдем<br>Жолатпайды барса<br>Ұясында жүрген<br>Балапаны қанша.<br>Қауіп-қатер жоқ алда,<br>Малту керек оғанда<br>Жұмыртқадан шығасап<br>Жүгіреді тоғанға | Балалар тәрбиешінің тақпағын мұқият тыңдайды. |
| **Проблемалық -іздерістік** | Балаларға үй құстарының балапандарымен бейнеленген суреттерін көрсетіп әңгімелесу.Балалар суреттен тауықтың балапанын,қаздың балапанын,үйректің балапандарын анықтайды. Олардың дене бітімдерін,ерекшеліктерін анықтап айтады,қай құстар суда жүзетіндігі жайлы айтады.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Қане қанат жазайық,<br>Құс болып біз ұшайық<br>Ұшып,ұшып алайық<br>Орнымызға қонайық<br><br>Тәрбиеші балаларға балапандардың иелерін табуларын айтады.Балалар балапандарға өз иелерін табуға көмектеседі. Қаздың балапанын қазға қосады,үйректің балапанын үйрекке қосады, тауықтың балапанын тауыққа қосады.Балапандарды сызу арқылы қосады.Әр балапан өз иесін табады. | Балалар суреттерді көріп,құстардың атауларын атайды.<br><br>Сергіту сәтін қимыл-қозғалыспен орындайды.<br><br>Балапандарға өз иелерін Табуға көмектеседі. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Қорытындылау<br>-Балалар біз қандай құстар туралы айттық?<br>-Оларды неліктен үй құстары деп айтамыз?<br>-Біз оларға қандай қамқор көрсетеміз?<br>Балалардың жауаптары тыңдалаы.<br>Балаларды мақтап, мадақтау. | Балалар сұрақтарға жауап береді.<br>-Үй құстары жайлы<br>-Жем, су береміз.<br>Балалардың көңілдері көтеріледі |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Үй құстарын
**Игереді:** Балапандарды ажыратып өз иелерін табуға көмектесіп,ойлау қабілеттері дамиды.

**Ересек «Балдырған»**
**«Таным» білім беру саласы «Ойна да, ойлан» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Күні, айы, жылы.** 25.02.2022ж

**Тақырыбы**: Бес айырмашылығын тап.

**Мақсаты**: Суреттегі айырмашылықтарды тауып,бақағыштыққа,тапқырлыққа баулу. Ойлау қабілеттерін дамыту.

**Көрнекіліктер**: Сандарға байланысты суреттер

**Билингвальды компонент:** айырмашылық-разница

**Керекті құрал-жабдықтар:** суреттер

| | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шаттық шеңбері<br>Кел тұрайық балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Бір,екі,үш,төрт,бес,<br>Саусақтармен ойнаңдар.<br>Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын | Шеңберге тұрып бірігіп өлең жолдарын айтады,көңілдерін көтереді. |
| **Ұйымдасты ру ізденістік** | Балаларға есік қағылып пошташы келіп хат әкеледі. Тәрбиеші балаларға хаттың мазмұнын оқиды. Хаттың ішінен балаларға тапсырмалар беріледі. Хаттың ішінен суреттер шығады.тәрбиеші балаларға суреттердің ішіндегі бес айрмашылықты табу керектігін айтып түсіндіреді.Балаларға суреттер таратылып беріледі.<br><br>Сергіту сәті:<br>Бір,екі үш деп,<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Аққу болып ұшамыз,<br>Төрт,бес, алты, жеті, сегіз деп,<br>Қайта келіп қонамыз<br><br>Балалар берілген суреттердің ішінен бес айырмашылықты тауып толықтырады.Суреттегі айырмашылықтарды тауып толықтырып бояйды. Тәрбиеші балаларға бағыт ,бағдар беріп көмек көрсетеді.<br>Тәрбиеші балалармен «Не жетіспейді?» дидактикалық ойынын ұйымдастыру.<br>Мақсаты:балаларды байқағышқа,тапқырлыққа бейімдеу,тпқырлыққа баулу. | Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br><br>Балалар суреттерді қарап айырмашылығын тауып,суреттерді толықтырады. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Тәрбиеші қорытындылайды.<br>-Балалар біз бүгін қандай тапсырма орындадық?<br><br>Белсенді қатысқан балаларды мақтайды, мадақтайды. | -суреттердегі айырмашылықтарды тауып толықтырдық<br>Балалар қуанады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**Суреттегі заттарды атай біледі.

**Игереді:**Суреттердің,заттардың айырмашылықтарын тауып үйренеді.

**Ересек «Балдырған» тобы.**
**«Таным» білім беру саласы бойынша Ойна да ойлан вариативтік компонентінің технологиялық картасы.**

**Күні, айы, жылы.** 04. 03 . 2022ж
**Тақырыбы;** «Сиқырлы пішіндер»
**Мақсаты:**Геометриялық фигуралар атауын, сөздерді дұрыс қолдану дағдыларын қайталату. Балаларға пішіндерді ажыратуға жаттықтыру.
**Көрнекіліктер:**Геометриялық фигуралар.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс- әрекеті** | **Балалардың іс- әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балалар мына фотасуретте кімнің суреті бейнеленген және оның сыртындағы жақтауының пішіні қандай екенін сұрау. | Балалардың жауабы; |
| **Ұйымдастыру-Іздестіру** | Балалар өткен сабақта танысқан фигураларды атап беріңдерші?<br>Ол үшін балаларға бірнеше фигураны алып,балаларға көрсету.<br>«Ғажайып қапшық» ойыны.<br>Ойынның шарты: Қапшықта геометриялық фигуралардың үлгілері бар.Бала оларды зерттеп көреді, қолымен сипайды, содан соң көрсеткісі келіп тұрған фигураның атын атайды.<br>«Ғажайып қапшық» ойынын геометриялық денелердің үлгісімен, нақты геометриялық пішіні бар заттармен өткізуге болады.<br>Сергіту сәті:<br>Орнымыздан тұрайық.<br>Алақанды ұрайық,<br>Бір отырып,бір тұрып,<br>Біз тынығып алйық.<br>Сабақты қортындылау.<br>Балалардан қандай фигуралармен танысқандарын сұрау.Сол фигуралардың суретін көрсетіп аты атату.<br><br>Балаларды мадақтау. | Балалар суреттерге қарап қандай фигуралар екенің айтады.<br><br>Балалар алған фигураларын атауға тырысады.<br><br>Сұрақтарға жауап береді сабақты қорытады. |
| **Рефлекссивті-түзетушілік** | Балаларды шеңберге тұрғызып, бір- біріне күнді жақсы өткізуге тілек білдіруге ұсыныс жасайды. | Шеңберге тұрады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Тіктөртбұрыш, шаршы,сопақша сиякты фигуралардын атауларын.

**Игереді:** Төртбұрыш пен оның түрлері туралы түсінікті.

**Технологиялық карта**
**Ересек «Балдырған»тобы «Таным» білім беру саласы бойынша Ойна да ойлан ұйымдастырылған вариативтік Компонентті технологиялық картасы.**

•
**Күні, айы, жылы.** 11.03.2024.
**Тақырыбы:** Санай білген адаспас
**Мақсаты:**Балаларды санай білуге, сандарды ретімен айтуға үйрету. Цифрларды тану, зейіндерін дамыту.
**Көрнекіліктер:**Сандар

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс- әрекеті** | **Балалардың іс- әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балалар шаттық шеңберіне тұрып бір-біріне жақсы тілектер айтады.<br>Өткен материалды естеріне түсіру. | Шеңберге тұрып бір бінріне күлімсірей карайды.Тілектер айтады. |
| **Ұйымдастыру-Іздестіру** | Балалар тура және кері санайды.<br>Сандар бірліктерден тұратынын қайталау.<br>Таякшаларды үстелдер үстіне қойып санау.<br>1-санына-1 таякша.<br>2-саны -2 таякша<br>3-саны-3 таякша<br>4-саны-4 таякша<br>5-саны-5 таякша<br>Балалар сандар бірліктерден тұратының дәлелдейді.<br>«Қай цифр жоқ» ойыны.<br>Ойын шарты: Таныс сандардан сандар қатары құрастырылады. Балалар көзін жұмған кезде түн бір саны алынып тасталады. Содан соң балалар сандар каттарына карап, жетпей тұрған санды атайды.<br>Сергіту сәті.<br>2рет секіреді.оң аякпен,сол аякпен.<br>2рет жерді тебу.<br>2рет кол шапалактау.<br>Парталас досымен 2рет алақан соғу.<br>Сабақты кортындылау.<br>Қандай сандарды білеміз? Санату. | Тура және кері санайды.<br><br>Таякшамен санауға әрекеттенеді.<br><br>Ойында жетпей тұрған санды табуға тырысады.<br><br>Қимыл қозғалыс арқылы орындайды. |
| **Рефлекссивті-түзетушілік** | Жақсы аткарған жұмыстары үшін балаларды мадақтайды. | Шеңберге тұрып өз әсерлерімен бөліседі. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Санау кері және тура
**Игереді:** Сандарды дұрыс жазуды.
**Меңгереді:** Сандардын бірліктерден тұратының

**Ересек «Балдырған» тобы**
**«Таным» білім беру саласы бойынша Ойна да ойлан ұйымдастырылған вариативтік Компоненттің № технологиялық картасы.**

**Күні,айы,жылы .** 18.03 .2022ж
**Тақырыбы:** Кеңістік пен уақытты бағдарлау.
**Мақсаты:**Балалалды кеңістік пен уақытты бағдарлай білуге үйрету.Оң және сол қолын ажыратып,заттардың орналасқан бағыттын анықтау қабілетің дамыту.
**Көрнекіліктер:**Көрнекі суреттер.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс- әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Тәрбиеші балалармен «Мен қайдамын айтшы» ойының жүргізеді.<br>Тәрбиеші бір ойыншықты баланың бірде оң жағына,сол жағына,алдына,артына,үстіне қояды, ал бала өзіне қатысты оның орнын айту керек. | Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды. |
| **Ұйымдастыру-Іздестіру** | Сергіту сәті:<br>Бір,екі, үш, төрт,<br>Тік ұста бойыңды,<br>Жоғары соз колыңды,<br>Алты,жеті,сегіз, тоғыз,он,<br>Соз қолыңды тағы да,<br>Жеткіз керік бойына.<br>«Не қайда турады?».ойыны.<br>Балалардың алдына әртүрлі заттар қойылады. Оларды ойдағы шаршының бұрыштарына және ортасына орналастырамыз.<br>Жүргізуші: балалардан коянның артында және куыршактың алдында немесе түлкінің оң жағында және куыршактың алдында тұрған заттың атын сұрайды.<br>Дидактикалық суреттерді қарап шығу және ондағы заттардың қалай орналасқанын сипаттап беру. | Балалар кимыл қозғалыс аркылы орындайды.<br><br>Ойында қай заттан қайда орналасқанын айтуға әрекеттенеді. |
| **Рефлексcивті-түзетушілік** | -Баларлар сабағымызды аяқталды,естеріңднекалғанын айтып беріңдерші? | Сұрак-жауап береді. |

**Күтілетін нәтеже**

**Біледі:** Кеңістік пен уақытты бағдарлауды.
**Игереді:** Заттын қайда орналасқаның біледі.
**Меңгереді:** Оң,сол,артында,алдында,дегенді меңгерді.

**Ересек «Балдырған»тобы**
**«Таным» білім беру саласы бойынша Ойна да ойлан ұйымдастырылған вариативтік компоненттің № технологиялық картасы.**

**Күні,айы,жылы.** 25.03.2022ж
**Тақырыбы:** Иесін тап.
**Мақсаты:** Әр мамандықтың заттарын аттай білуге, ой-өрісін кеңейтуге, мамандық иелеріне құрметпен карауға тәрбиелеу.
**Көрнекіліктер:**Мамандық иелерінің суреттері.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс- әрекеті** | **Балалардың іс- әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балаларды қарсы алады,орындарына жайғастырады.Шаттық шеңбері. | Балалар шаттық шеңбер жасайды. |
| **Ұйымдастыру-Іздестіру** | Балалармен мамандықтар туралы әңгіме жүргізу. Балалардан ата-аналары қандай мамандық иесі екнің сұрау.<br>Дидактикалық ойын:<br>«Иесін тап».<br>Балаларға заттарды көрсетіп ол қандай мамандық иесіне қажет екенін табу.<br>Аспазшыға қандай заттар қажет екенін табу.<br>Дәрігердің заттарын көрсетіп балаларға айтқызу.<br>Сергіту сәтін өткізеді.<br>«Шоферлер» дене сергітуі.<br>Шаршасандар,балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Бір,екі,үш,төрт,бес,<br>Саусақтармен ойнаңдар,<br>Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын.<br><br>Балалармен сюжеттік ролдік ойындар ұйымдастыру.<br><br>Қортындылау.<br>Балаларды мадақтап,мақтау. | Әңгімеге қатысады.<br><br>Ойынды ойнайды.<br><br>Сергітуді қимылмен орындайды.<br><br>Ойын ойнап білімдерін бекіту. |
| **Рефлекссивті-түзетушілік** | Балаларды шеңберге тұрғызып, алған әсерлерімен бөлісуді ұсынады. | Шеңберге тұрып,әсерлерімен бөліседі |

**Күтілетін нәтиже**
**Біледі:** Мамандық түрлерін
**Игереді:** Әр мамандықтын иесінін өзіне тән заттарын.
**Меңгереді:** Ойын арқылы мамандық иелерінің атқаратын жұмыстарын меңгерді

**Ересек «Балдырған» тобы**
**«Таным» білім беру саласы бойынша Ойна да ойлан ұйымдастырылған**
**оқу іс-әрекетінің № технологиялық картасы**

**Күні,айы,жылы.** 01.04. 2022ж
**Тақырыбы:** Санамақ.
**Мақсаты:** Балаларға санамақ жаттатқызып,олардың сөздік қорын,тіл байлығын арттыру.
**Керекті құралдар:**Санамақ таякшалар,сандар

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекет |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Балалар,қол ұстасып,бір-бірімізге жақсы тілектер мен лебіздер айтайықшы .<br>Балаларға таякшамен санату.<br>Кері,және тура санату.<br>Балалар қазір біз санамақ жаттаймыз.санамақтын түрлері көп<br>Отбасына төрт түлік малға арналған. | Балалар шеңбер құрып, жақсы тілектер білдіреді.<br><br>Балалар кері және тура санайды. |
| **Ұйымдастырушылық -ізденістік** | Балалармен санамақ жаттау.<br><br>Санамақ<br>Кел санайық санамақ.<br>Саусақтарды даралап.<br>Бас бармағым алғашқы.<br>Балан үйрек жалғасы.<br>Ортан терек кезекші.<br>Шылдыр шүмек кезекші.<br>Шынашағым балапан.<br>Бәріне ортақ алақан<br><br>Сергіту сәті.<br>Бір үйде біз нешеуміз<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым әкем.<br>Балан үйрек шешем<br>Ортан терек ағам.<br>Шылдыр шүмек мен.<br>Титтей бөбек сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз.<br>Бір үйде біз бесеуміз. | Балалар назары педагогта.<br><br>Балалар санамақты жаттауға әрекеттенеді. |
| **Рефлекциялық-түзетушілік** | -Балалар, тағы бір рет қайталап шығайық. | Балалар тағы да естеріне түсіріп қайталайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Санамақты жаттады.
**Игереді:** Таякшамен санамақ жаттауды.
**Меңгереді:** Санамақтын түрлерін.

**Ересек «Балдырған «тобы**
**«Таным» білім беру саласы бойынша ойна да ойлан ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Күні,айы,жылы**. 08.04.2022ж
**Тақырыбы:** Сөзжұмбақ.
**Мақсаты:** Берілген сөзжұмбақты шешу орнына орналастыра білу керек. Ойлау қабілеттерін дамыту.
**Керекті құралдар мен көрнекіліктер:** Сөз жұмбаққа керек суреттер.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекет |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбер:<br><br>Қуан, шаттан алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы таң, Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | Балалар шеңбер құрып, педагогпен бірге өлең жолдарын қайталайды. |
| **Ұйымдастырушылық -ізденістік** | Балалар бүгін сендермен сөзжұмбақ<br><br>шешеміз.Сендер мұхият тыңдандар<br><br>«Кітап сөзін» табу.<br>1.Көк.<br>2.Ірімшік.<br>3.Тауық.<br>4.Алма.<br>5.Піл.<br>1.Аспанның түсі қандай?(көк ).<br>2.Тышканның сүйікті тамағы(ірімшік)<br>3.Балапандардың анасы(тауық)<br>4.Ағашта өсетін жеміс(алма)<br>5.Мұрны мен су шашатын үлкен жануар(піл).<br>Сергіту сәті.<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Киіз үйді құрамыз. | Балалар назары педагогта.<br><br>Балалар сұрақтарға жауап береді<br><br>Балалар қимыл қозғалыс арқылы жасайды. |
| **Рефлекциялық-түзетушілік** | Балалар сөзжұмбақтағы Кітап сөзін табады.<br>Жақсы қатысып жауап берген балаларды мақтап мадақтау. | Балалар . |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Жұмбақ шешуді.
**Игереді:** Әр сөзді өз орнына қоюды.
**Меңгереді:** Сөз жұмбақты шешуді.

**Ересек «Балдырған» тобы**
**«Таным» білім беру саласы бойынша Ойна да ойлан ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Күні,айы,жылы.** 15.04.2022ж
**Тақырыбы:** Суретте не шатастырылған?
**Мақсаты:** Суреттегі қателіктерді табу, логикалық ойлауларын дамыту. Ойлана білуге үйрету.
**Керекті құралдар мен көрнекіліктер:** Шатастырылған суреттер үлгісі.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекет |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Балалар,кол ұстасып,бір-бірімізге жақсы тілектер айтайықшы .<br>Ғажайып сәт.<br>Почташы келіп есік қағып балаларға хат алып келеді.<br>Балалар бізге «ғажайып елдің» суретшісі тапсырма беріп жіберіпті.<br>Балалар суретшінің суретіндегі қателердңі тауып дұрыстауымыз керек. | Балалар шеңбер құрып, жақсы тілектер білдіреді.<br><br>Балалар орындарына барып отырады. |
| **Ұйымдастырушылық -ізденістік** | Балалар 1-тапсырмада<br>Жыл мезгілдері дұрыс салынғанба?<br>Дұрыс емес жерлерін дұрыстаймыз.<br><br>2-тапсырма.<br>Ауладағы үй жануарлары өз орындарына салынғанба?<br>Әр үй жануарларын өз үйшігіне орналастырамыз.<br><br>3-тапсырма.<br>Аулада жүрген балалардың киімдері жыл мезгіліне сай салынғанба?<br>Әр баланы жыл мезгіліне сай киімдерін дұрыстаймыз.<br><br>4-тапсырма.<br>Үйдегі жиһаздар дұрыс салынғанба?<br>Үйдің ішінде тұратын жиһаздарды дұрыс орналастырып суретшінің қатесін түзейміз. | Балалар назары педагогта.<br><br>Балалар суретшінің шатастырған суреттерін табуға әрекеттенеді. |
| **Рефлекциялық-түзетушілік** | Тәрбиеші суреттерді жинап суретшіге беріп жіберуді ұсынады. | Балалар суреттерін қуан суретшіге жіберуге келіседі. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Шатастырылған суреттерді.
**Игереді:** Суреттегі қателерді табуды.
**Меңгереді:** Суретшінің тапсырмасын орындады.

**Ересек «Балдырған» тобы**

**«Таным» білім беру саласы бойынша Ойна да ойлан ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің**

**Технологиялық картасы**

**Күні,айы,жылы**. 22.04.2022ж

**Тақырыбы:** «Не қайда өседі».

**Мақсаты:** Көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін ажырата білуге үйрету.

**Керекті құралдар мен көрнекіліктер:** Жемістер мен көкөністер.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекет |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбері<br>Отбасымыз жиналсын,<br>Туысқандар қуансын.<br>Құшақ жайып қарсы алсын,<br>Амандасып сәлем-деп,<br>Таңдар атар күлімде | Балалар педагогпен өлең жолдарын қайталайды. |
| **Ұйымдастырушылық -ізденістік** | Тәрбиеші балаларға көкөністерге,жемістерге байланысты тақтақтар оқиды.<br>Қырыққабат.<br>Мақтанғаннан не пайда?<br>Менсіз дәмді щи қайда?<br>Мені қосса самсаға,<br>Бәрі жейді тамсана!<br>Шалқан.<br>Кім білмейді шалқанды?<br>Талайлар маған таң қалды.<br>Бәріне сый болам,<br>Тауып көр менен дарқанды!<br><br>Балалармен дидактикалық ойын ойнау. «НЕ қайда өседі».<br>Тәрбиеші қаптың ішінен біртіндеп көкөністерді шығарады,ал балалар атайды.Жемістер.Олар бақшада,ағашта өседі.Көкөністер бақшада жерде өседі.<br>Балалар мұнда жемістер мен көкөністер араласып кетіпті сендер түрлі тәрелкелерге бөліп салсандар.<br>Балалар жемістер мен көкөністерді атайды. | Балалар назары педагогта.<br><br>Балалар тақпақтарды қайталап айтады.<br><br>Балалар ойын ойнайды |
| **Рефлекциялық-түзетушілік** | -Жарайсыңдар балалар, сендер көкөністер мен жемістерді жақсы ажыратып естеріне сақтап алдыңдар. | Балалар естеріне сақтайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** жемістер мен көкөністерді.

**Игереді:** ағашта не өседі,жерде не өседі.

**Меңгереді:** жемістердің күзде пісетінің және әр қайысының өзіне тән дәмі болатының.

**Ересек «Балдырған» тобы**
**«Таным» білім беру саласы бойынша Ойна да ойлан ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Күні,айы,жылы .** 29.04.2024
**Тақырыбы:** Бұлар ненің төлдері.
**Мақсаты:** Балаларды төрт түлік малмен таныстыру.Олардың төлдерін ажырата білуге үйрету.
**Керекті құралдар мен көрнекіліктер:** Төлдердің суреттер.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекет |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Балалар шеңбер бойында тұрып, терең тыныс алуға шақыру. | Балалар шеңбер бойымен тұрып, терең тыныс алу жаттығуларын жүргізеді. |
| **Ұйымдастырушылық -ізденістік** | Балаларға үй жануарларының суреттерін төрт түлік малдың суреттерің көрсетіп,олар туралы әңгімеласу.<br>Үй жануарларына адам қамқорлық жасайды: оларға шөп береді, суғарады,үстін тазалайды және оларды емдейді. Көктемде барлық жануарлар төлдейді: ешкі-лақтайды,сиыр-бұзаулайды, қой-қоздайды.<br>Төрт түлік малдардың төлдерін ажыратып атқызу.<br>Төлдер жыры.<br>Қозы<br>Кіп-кішкене, момақан<br>Қошақанды ұнатам.<br>Сүйеді апам қозым деп,<br>Қошщақаным өзің деп.<br>«Кімнің төлі қайда?»Д/ойын.<br>Мақсаты:үй жануарлары мен оның төлдерінің аттарын бекіту.<br>Тәрбиеші барлық төлдердің араласып кеткенін, енді өздерінің аналарын іздеп жүргенін айтады.<br>Балалар төлдерді енелерінің қасына апарып қояды. | Балалар назары педагогта.<br>Балалар қозы туралы тақпақты жаттауға тырысады.<br>.Ойынды ойнайды. |
| **Рефлекциялық-түзетушілік** | Өтілген сабақты қайталап естеріне түсіреді. | Балалар төрт түлік туралы әңгімелейді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Төрт түлік малды
**Игереді:** Төрт түліктің пайдасын
**Меңгереді:** Төлдерді ажыратуды.

**Ересек «Балдырған»тобы**
**«Таным» білім беру саласы бойынша Ойна да ойлан ұйымдастырылғаноқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.**

**Күні,айы,жылы.** 06.05.2024
**Тақырыбы:**Қайысы қай үйшікте тұрады?
**Мақсаты:** Үй жануарларының қайда тұратынын ажырата білуге үйрету. Байқампаздыққа тәрбиелеу.
**Керекті құралдар мен көрнекіліктер:** Үй жануарларының суреттер.

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Педагогтың іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекет** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбер<br>Жақсылық көрсең біреуден. Мен қандаймын деп ойла.<br>Жамандық көрсең біреуден, мен қандаймын деп ойла. | Шеңбер бойында балалар өлең шумақтарын қайталайды. |
| **Ұйымдастырушылық -ізденістік** | Балалардан қандай үй жануарларын білетіндерің сұрау.<br>Үй жануарларының суреттерін қарау.<br>Үйрек қанша?<br>Балапандары қанша?<br>Ит каншау?<br>Мысық қанша?<br>Тауық қанша?<br>Балапандары қанша?<br>Не үлкен?<br>Не кіші?<br><br>Сергіту сәті.<br>Бір,екі,үш деп,<br>Орнымыздан тұрамыз.<br>Аққу болып ұшамыз,<br>Төрт,бес,алты, жеті,сегіз деп,<br>Қайта келіп қонамыз.<br><br>«Қайысы қай үйшікте тұрады»?<br>Мақсаты:балалар әр жануарды өз үйшігіне орналастыру керек.<br>Балалар қалай ойлайсындар иттің үйшігі қайсы?<br>Ал мысықтын үйшігі қайсы?<br>Ал тауықтар мен балапандарды қай үйшікке орналастырам | Балалар назары суреттерде.<br>Балалардың жауабы.<br><br>Балалар сұрақтарға жауап береді.<br><br>Сергіту сәтін қимыл қозғалыс арқылы жасайды.<br><br>Балалар әр жануарға өз үйшігін тауып беруге тырысады. |
| **Рефлекциялық-түзетушілік** | Жақсы қатысқан балаларды мақтап мадақтау. | Балалар өз әсерлері туралы әңгімелейді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Үй жануарлары туралы
**Игереді:** Қайысы қай үйшікте туратынын
**Меңгереді:** Әр үй жануарын өз үйшігіне орналастырды.

**Ересек «Балдырған»тобы**

**«Таным» білім беру саласы бойынша Ойна да ойлан ұйымдастырылғаноқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.**

**Күні,айы,жылы.** 13. 05. 2022ж
**Тақырыбы:**Заңдылықты бұзбай боя.
**Мақсаты:** Балаларды түстерді дұрыс таңдап, дұрыс бояуға,қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.
**Керекті құралдар мен көрнекіліктер:** көрнекіліктер,түрлі түсті бояулар,қарандаш.

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Педагогтың іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекет** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Балалар шеңберге тұрып бір-біріне жылы сөздер айту.<br>- Сен әдепті бол!<br>- Сен әдемі бол! | Шеңбер бойында балалар жылы сөздер айтады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | Балаларға сурет салып бояйтынын айтады.<br>Балалармен кіріспе әңгіме жүргізу.<br>Балаларға суреттерді бояуға ұсыну.<br><br>Сәбізді қандай түспен бояймыз? (қызғылтсары).түспен.<br>Кемпірқосақтың суретін көрсетіп, оның түстерін заңдылығы туралы айтып түсіндіру.<br>Сергіту сәті.<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Ою-өрнек сызайық,<br>Түйе табан, ботагөз<br>Қой ізі мен қос мүйіз,<br>Қарға тұяқ, тышқан із,<br>Бүршік пен гүл әдемі-<br>Ою-өрнек әлемі.<br>Қолға қалам салайық,<br>Сәнді өрнек сала<br>Балалар суреттерді салып үлгіге қарап бояйды. Дайын суреттерден көрме ұйымдастыру. | Балалар назары суреттерде.<br><br>Балалар заңдылықты бұзбай сурет салуды үйренеді.<br><br>Қимыл қозғалыс арқылы орындайды. |
| **Рефлекциялық-түзетушілік** | Балалардың жұмыстарын талдау мадақтау, мақтау. | Балалар көрме ұйымдастырады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Суретті дұрыс бояуды.
**Игереді:** Қылқаламды дұрыс ұстауды.
**Меңгереді:** Заңдылықты бұзбай бояуды.

**Ересек «Балдырған»тобы**
**«Таным» білім беру саласы бойынша Ойна да ойлан ұйымдастырылғаноқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.**

**Күні,айы,жылы.** 20.05.2022ж
**Тақырыбы:**Арманның оң,сол,алды,артында орналасқан ойыншықты ата.
**Мақсаты:** Балалардың кеңістік туралы ұғымын кеңейту,логикалық ойлауын дамыту.
**Керекті құралдар мен көрнекіліктер:** көрнекіліктер, суреттер.

| Оқу іс-әрекетінің кезендері | Педагогтың іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекет |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Балалармен бірігіп:<br>Оң қолымда бес саусақ.<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Екі қолды қосқанда.<br>Болып шықты он саусақ. | Балалар өлең жолдарын қимылмен жасайды. |
| **Ұйымдастырушылық -ізденістік** | Балалар мен ортаға Арманды шақырып Арманың жан-жағына ойыншықтар қоямын сендер қай ойыншық қай жағында тұрғанын айтасындар.<br><br>Тәрбиеші:Арманның оң жағына қоян қояды,сол жағына ойыншық аю,алдына ойыншық күшік,ал артына қуыршақ қойылады.<br>Балалар қай ойыншық Арманның қай жағында тұрғанын айтады.<br><br>Сергіту сәті.<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Киіз үйді құрамыз.<br><br>«Не өзгерді».Д/ойын<br>Үстелде бірнеше зат жатыр.Балалар олардың қалай орналасқанын жаттап алады.Содан соң көздерін жұмады. Сол кезде заттардың орындарын ауыстырады.Балалар қандай өзгеріс болғанын, қай зат өайда тұрғанын атап көрсетеді.<br>Мысалы:Қоян мысықтың сол жағында тұрған,енді ол оның оң жағында тұр. | Балалар Арманның оң,сол, артында,алдында тұрған ойыншықтарды атайды.<br><br>Балалар сергіту сәтін жасайды.<br><br>Балалар ойынды ойнайды. |
| **Рефлекциялық-түзетушілік** | Жақсы қатысып жауап берген балаларды мадақтау. | Өздерінің ізгі тілектерін білдіреді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**Кеңістікті бағдарлауды
**Игереді:** Оң,сол,алды,артын ,білді.
**Меңгереді:** Қай заттың қайда орналасқанын біледі.

**Ересек «Балдырған»тобы**
**«Таным» білім беру саласы бойынша Ойна да ойлан ұйымдастырылғаноқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.**

**Күні,айы,жылы.** 27.05.2022ж.
**Тақырыбы:**Жаңылтпаш айтқызу
**Мақсаты:**Балалардың тілін жаттықтыру, тез айта білуге үйрету.
**Керекті құралдар мен көрнекіліктер:** Сөйлейтің әліппе.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Педагогтың іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекет |
|---|---|---|
| **Мотивациялық Қозғаушылық** | Балалар мен сендерге жақсы тілек тілеп,өз жылуымды беріп, «Ашық аспан» тілеймін,ал сендерде бір-біріне өз жылуларынды тілеңдер. | Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтады. |
| **Ұйымдастырушылық -ізденістік** | Балаларға жаңылтпаш туралы айту. Жаңылтпашты жаңылмай тез,тез айту керек.Балалар біз қазір жаңылтпаш айтып үйренеміз.<br>1. Жоғалды бес шыбыш,<br>Жоқ әлі еш сыбыс.<br>Жоқ әлі еш сыбыс.<br>Жоғалды бес шыбыш.<br>2. Жапалақтап, қаптап<br>Ақ қар жауады.<br>Алқапты ақ жер жапты.<br>3 .Ата мен әже, ана да,<br>Алма мен алмұрт тереді.<br>Ауылға Арман бала да,<br>Арба мен тасып береді.<br>4.Үйір-үйір үйректі,<br>Үйірге кім үйретті?<br>Үйір-үйір үйректі,<br>Үйірге өзім үйреттім.<br>5. Ақ көбелек,<br>Көк көбелек,<br>Көп көбелек.<br>Сергіту сәті.<br>Біз гүлдерше өсеміз,<br>Жапырағы жайқалған,<br>Сабақтары салалы,<br>Жерге ырғалып шайқалған. | Балалар жаңылтпашты тыңдайды.<br><br>Балалар жаңылтпашты жаттайды. |
| **Рефлекциялық-түзетушілік** | Балаларға жаңылтпашты қайталап айтқызу. Жақсы айтқан балаларды мадақтау. | Балалардың өзін-өзі бағалауы. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**Жаңылтпаш туралы.
**Игереді:** Тез,тез және дұрыс айтуды.
**Меңгереді:**Жаңылтпашты жаңылмай айтуды.